

Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Фармацевт-технолог» модулінің PhD докторанты Өмірбаева Ажар Ережепқызының «Бұйра түйетікен (*Carduus crispus*) экстрактысынан дәрілік қалыптар жасаудың фармацевтикалық аспектілері» тақырыбындағы 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертциялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Өмірбаева Ажар Ережепқызы, 2013-2016 жж аралығында С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде докторант болып білім алды.

Докторантурада оқу барысында Өмірбаева А.Е. өзін адал, парасатты әрі ынталы докторант ретінде көрсете білді.

Диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады әрі отандық өсімдік шикізатының негізінде аса тиімді препараттарды (дәрі-қалыптарды) даярлауға арналған.

Зерттеу нысаны болып табылатын *Carduus crispus* L. бұйра түйетікен шикізаты Қазақстан Республикасы аймағында кеңінен тараған және оның шикізат қоры жылына бірнеше мың тонна есебінде бағаланады.

Диссертанттың жүргізген зерттеу жұмыстарына дейін бұл өсімдік шикізаты толық зерттелмеген деуге болады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты *Carduus crispus* L. бұйра түйетікен дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау әрі оның негізінде дәрілік қалыптарды даярлау болып табылатын.

Қойылған мақсатқа қол жекізу үшін автор өсімдік шикізатын стандарттау, биологиялық белсенді заттарды өндіру процесі, қою экстрактты стандарттау және бұйра түйетікен экстрактысының гранулаларының құрамы мен технологиясын әзірлеу бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жұмыс барысында автор органолептикалық, фармакологиялық және технологиялық, хроматографиялық, спектрофотометриялық, микробиологиялық, фармакологиялық және статистикалық секілді көпшілік мақұлдаған дәстүрлі ізденіс әдістемелерін қолданды.

Автор қою экстрактпен гранулалардың технологиясы мен стандарттау әдістемелерін әзірлеп, оларды сақтау мерзімдерін белгіледі. «Химфарм» АҚ базасында даярланған препараттардың тәжірибелі партиялары шығарылды.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінде бұйра түйетікен шикізаты мен қою экстракт және гранулалары бойынша АНҚ жобалары, нормативтік құжаттар дайындалып, тиімді модель үшін өтініш жасалынды.

Осы тұрғыдан алғанда, автор перспективалық өсімдік шикізат түрі мен соның негізінде жасалған дәрі-дәрмектерді енгізіу арқылы маңызды өндірістік мәселені шешті.

Зерттеу жұмысының нәтижелері бірқатар отандық және халықаралық ғылыми конференциялар аясында кеңінен таныстырылды. Іздену нәтижелерінің жаңалығы патент арқылы расталды.

Өмірбаева А.Е. оқу кезеңінде өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, мақсаттары мен міндеттерін анық құрастыруды, экспериментті жоспарлауды, және нәтижелерін талдауды білетін тәуелсіз, сауатты зерттеуші екенін көрсетті.

Өзінің зерттеулерінде диссертант фармацевтика ғылымының заманауи жетістіктерін қолданды.

Жалпы, Өмірбаева Ажар Ережепқызы өзін әріптестерінің арасында лайықты құрметке ие кемел әрі толған зерттеуші ретінде көрсете білді.

Мен, ғылыми кеңесші ретінде диссертациялық жұмыстың жалпы нәтижелерімен қанағаттанамын. Өмірбаева Ажар Ережепқызының диссертациясы жоғары дәрежеде орындалған толық ғылыми зерттеу еңбегі болып табылады, әрі оның авторы 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» - мамандығының талаптарына сәйкес келеді деп санаймын. Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**ҚРДСӘДМ «Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік фармацевтика
академиясы» ШЖҚ РМК
фармацевтикалық факультетінің
декан орынбасары, фармация
ғылымдарының кандидаты, доцент**



Орынбасарова К.К.

ҚАЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ